

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сәде Г.К.Сағпазова

Тақырыптық саяхат

Тақырыбы: «Мұражай»

№1 кіші «Күншуақ» тобының тәрбиешісі А.Меңдыгулова
№2 ортаңғы «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Н.Уақбаева

2022/2023 оқу жылы

Тақырыптық саяхат

Тақырыбы: «Мұражай»

Мақсаты: Балаларға мұражай туралы толық мағлұмат беру және тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын түсіндіру. Ұлттық көне бұйымдарына қызығушылықтарын оятып, ұлттық құндылыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Ал, енді біз бүгін қаламыздағы мұражайға саяхатқа келдік. Онда ертедегі көне заттар бар. Біз сол заттар арқылы өткен тарихымызды білетін боламыз. Мұражай біз үшін құнды мәдени орын. Сендер қызықты көп нәрселерді көре аласыңдар.

Ендеше, мұражайдағы көне заттарды мұражай қызметкері Гүлмира Асқарқызы таныстырады.

Мұражайы туралы сұрақтарға жауап алайық.

1. Мұражай бізге қандай тарихи мәлімет береді?
2. Мұражайдың атқаратын ролі?
3. Мұражай экспонаттары?
4. Мұражай залдары?

Мұражай қызметкері: Балалар мұражай -туған еліміздің асыл қазынасы. Ол балаларды өлкеміздің шежіресімен таныстыра отырып оны қастерлеуге тәрбиелейді. Тарихы мен дамуы мұражай алғашында бағалы бұйымдар мен заттар, мәдени жәдігерлерді сақтайтын қазыналық қор ретінде қалыптасты. Мұражайдың қалыптасуына көне замандардағы коллекциялар негіз болды. Мұражайдың қалыптасуы ұлттық сана-1995 жылы 9 мамыр күні Жаңаөзен қаласының сол кездегі әкімі Машани Әбілханов пен музей меңгерушісі Әмірстан Байтұровтың ықпалымен ескі кітапхана ғимаратынан музей үйі ашылды.

Мұражайда үш-ақ бөлім бар, оның екеуі мұнайшылар залы, үшіншісі – этнография залы.

Тәрбиеші: Мұнайшылар залында қандай заттар бар?

Мұражай қызметкері: Мұнайшы қызметкерлерінің киімдері, мұнай өндіретін құрылғы мен өндіріс құралдары, мұнайшылар туралы фотогалерея және т.б

Тәрбиеші: Этнография залында нелерді көруге болады?

Мұражай қызметкері: Ертедегі киіз үй жасауы, ағаштан жасалған бұйымдар мен ұлттық киім-кешектер, тұтқыштар мен төсеніштер, зергерлік бұйымдар және т.б.

Тәрбиеші: Мұражайда тағы қандай заттарды көрсете аласыз?

Мұражай қызметкері: Маңғыстау өлкесінде қызыл кітапқа енген, сирек кездесетін құстар мен жануарлар түрлері.

Тәрбиеші: Гүлмира Асқарқызы бізге мұражай туралы көптеген мағлұмат бердіңіз. Біздің балаларымыз алдағы уақытта мұражай туралы білетін болады.

Тәрбиеші:

Балалар ендеше, көргенімізді бөлісейік.

- 1.Бүгінгі саяхатымыз сендерге ұнады ма?
2. Біз қай жерге келдік?
- 3.Қандай заттар көрдіңдер?
4. Мұражай қандай қызмет атқарады екен....

Балалар осымен қаламыздағы мұражайға арналған саяхатымыз аяқталды.





